

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі салық милициясының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары мен жеңілдіктер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 16 маусым N 1750.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Жауап алу органының міндеттері берілген салық милициясының құрылуына байланысты және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі туралы" 1993 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (Күші жойылған - U952367_) /Қазақстан

Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 7, 139-бап/
10-бабына сәйкес қаулы етемін:

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналып көзделген еңбекке ақы төлеу шарттары мен жеңілдіктер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі салық милициясының қызметкерлеріне қолданылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті